

## Мектеп кітапханасының жылдық жұмыс есебі 2023-2024 оқу жылы

Қазіргі таңда жан- жақты білім мен тәрбие берер еліміздегі бірден –бір руханият ордасы- кітапхана. Оқушылардың рухани қазына кітапқа деген талап- тілегі мен сұранысын қанағаттандыруды күннен – күнге жақсарта беру- уақыт талабы. Жас ұрпақты тәрбиелеуде кітапхананың орны ерекше.

Кітапхана- оқушылардың сапалы білімінің кепілі. Кітапхана-кітап арқылы жеке адамның жан- жақты білім алуымен қатар патриоттық рухта тәрбиеленуіне, саяси сапасына қалыптастырып, ғылыми, кәсіби, мәдени дәрежесінің дамуына әсер ететін бірден-бір әлуметтік орын. Оқу жылының басында 1-9 сыныптарға оқулықтар таратылды, түскен оқулықтар алынды, оқушылар оқулықтармен толық қамтылды. Мектеп кітапханасының жалпы кітап қоры 5104 дана оның ішінде оқулықтар 3968 дана , 1136 дана көркем әдеби кітаптар. Биылғы оқу жылында кітапханаға 227 дана көркем әдеби кітаптар түсті және кітап қоры жаңа кітаптармен толықтырылды. Кітапхананың міндеті кітаптарды насихаттаудың түрлі формалары мен әдістерін ұйымдастыру арқылы оқырмандардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру, жан-жақты дамыту болып табылады. Кітапханада мерейтойларға және атаулы даталы күндерге кітап көрмелер , бейнематериалдар , сыныптар мен әр түрлі іс шаралар ұйымдастырылды. Іс шараларды сынып жетекшілермен бірге өткіземіз. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында өткізілетін іс шаралар жалғасын табуда және жоспар бойынша жұмыстар атқарылуда. Кітапханада буккроссинг «Өзің оқысаң, өзгеге ұсын» кітап көрмесі жалғасын табуда, оқушылар кітап алмасып оқыды.

Балалардың кішкентай кезінен кітапқа деген сүйіспеншілігін, оқуға деген ынтасын арттыру және де жас ұрпақтың, бойында патриоттық, бауырмалдық қасиеттерді қалыптастыруда әр түрлі іс шаралар ұйымдастырылды. Жазғы каникул кезеңінде баланың сауықтыру демалысын, бос уақытын тиімді ұйымдастыруға арналған 1-4, 5-9 сынып оқушылары аралығында "Сенің қуанышқа толы жазғы демалысың" атты guidebook таратылды. #ГайдбукАқтөбе2024



Мектеп директорының м.к. Байгазы

Кітапханашы: Шатаева А.А

